

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 187/30-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 16 ақпанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 563 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 410/54-IV Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.12.13 N 410/54-IV Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 6-бабын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып Астана қ а л а с ы н ы ң м ә с л и х а т ы **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 23 қарашада N 478 болып тіркелген, 2007 жылғы 29 қарашадағы N 187 "Вечерняя Астана", 2007 жылғы 29 қарашадағы N 192-194 "Астана хабары" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 50/8-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 3 наурызда N 491 болып тіркелген, 2008 жылғы 8 наурыздағы N 27 "Вечерняя Астана", 2008 жылғы 8 наурыздағы N 32-33 "Астана хабары" газеттерінде жарияланған), 2008 жылғы 9 шілдедегі N 116/18-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 15 тамызда N 542 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 тамыздағы N 99 "Астана ақшамы

", 2008 жылғы 21 тамыздағы N 102 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидаларында:

19-тармақтың 3) тармақшасындағы "бірінші және екінші топтағы" деген сөздер алынып тасталсын;

24-тармақтың екінші азатжолын "анықтамасы" деген сөзден кейін "ұрланған (жоғалған) жеңілдікті жол жүру билетін жарамсыз деп тану туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

31 - тармақта:

"(Республика күні -)" деген сөзден кейін "мұқтаж" деген сөзбен толықтырылсын;

келесі мазмұндағы оныншы азатжолымен толықтырылсын:

"6 шілде (Астана күні) - табысы аз отбасыларға азық-түлік жиынтығы мен мерекелік түске ас түрінде";

66 - тармақта:

1) тармақшадағы "1000 (бір мың)" деген сандар мен сөздер "3000 (үш мың)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның екінші азатжолындағы "5000 (бес мың)" деген сандар мен сөздер "10000 (он мың)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның үшінші азатжолындағы "3000 (үш мың)" деген сандар мен сөздер "4000 (төрт мың)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "1000 (бір мың)" деген сандар мен сөздер "2000 (екі мың)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "1000 (бір мың)" деген сандар мен сөздер "1500 (бір мың бес жүз)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "1000 (бір мың)" деген сандар мен сөздер "1500 (бір мың бес жүз)" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

мәслихатының сессия төрайымы

мәслихатының хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы

Н. Петухова

А с т а н а қ а л а с ы

В. Редкокашин